

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университеті
Шымкент кампусы
«Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру» факультеті
«ІШКІ АУРУЛАР» КАФЕДРАСЫ

Әлеуметтік мәдени бағыты аясында атқарылған іс шара хаттамасы № 3

01.02.2024 ж.

Тақырыбы: «Тарихи-өлкетану орындары мен мәдени, қасиетті орындарға бару іс-шараларын ұйымдастыру аясында Әл-Фараби атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасымен танысу.

Ұйымдастырған оқытушы: Джаппаркулова А.Б.

Интерн тобы: ЖТД – 06-22

Интерн топпен бірге кітапхана ішін араладық. Кітапхана тарихы туралы қысқаша мәлімет: «Облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2013 жылғы 25 қарашада №327 қаулысы шықты. Кітапхана Шымкент қаласы, Астана даңғылындағы арнайы салынған жаңа зәулім ғимаратқа қоныстанды.

2013 жылдың соңында зиялы қауым өкілдерінің, кітапханашылар қауымдастығының, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен кітапхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

2017 жылдың сәуір айында «Облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Отырар» атауы берілсін деген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы шықты.

2014 – 2017 жылдар аралығында Облыстық ғылыми – әмбебап кітапханасы облыс аумағындағы 432 кітапханалар желісі үшін ғылыми – әдістемелік орталық болып қызмет атқарған.

2021 жылдың қаңтар айында «Отырар» қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» атауы берілсін деген Шымкент қаласының әкімдігінің қаулысы шықты.

Қазіргі таңда кітапхана өңірдегі ең ірі ақпараттық мәдени орынға айналып отыр.

Негізгі көрсеткіштер: жалпы кітап қоры – 408 317, оның ішінде қазақ тіліндегі кітаптар саны – 141 358, оқырмандар саны – 18 600, келушілер саны – 128 000, кітап берілімі – 216 000. Штат саны – 96.


Кітапхана туралы жалпы мәлімет: Шымкент қаласының жаңа әкімшілік-іскерлік аумағынан қоныс тепкен жаңа рухани шаңырақ – «Әл-Фараби атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы» халыққа кітапханалық-библиографиялық, ақпараттық қызмет көрсетуде.

Адамзатқа әйгілі Отырар кітапханасының жұрнағындай, көзіндей болып отырған кітапхананың 2013 жылдың аяғында облыс әкімінің, зиялы қауым мен каламгерлердің, кітапханашылар қауымдастығының, БАҚ өкілдерінің қатысуымен салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Кітапхана оқырмандарына кең, жайлы, жарық оқу залдарында жұмыс істеуге мүмкіндік бар. 200 орындық мәжіліс залында конференциялар мен зерделі кеңестер, кездесулер мен қызықты шаралар өтеді. Кітапханада оқырмандардың қызығушылығына орай «Жас түлек», «Бәрін білгім келеді», «Мұрагер», «Дидарласу» Libclub «Глобус» мүдделестер клубтары жұмыс істейді.

Кітапхана қала аумағындағы кітапханалар үшін ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады.

Кафедра меңгерушісі:



Аманбаева Б.Қ.

Іс шара ұйымдастырушы оқытушы:



Джаппаркулова А.Б.



